

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Аристотель мен Платонның мұрасы



Мақсаты – Платон мен Аристотельдің философиялық мұрасын, Эпикур философиясын, стоицизм мен скептицизм, сонымен қатар, Лукреций және Цицерон ілімдерін зерттеу.

Жоспары:

1. Платон мен Аристотель мұрасы.
2. Эпикур философиясы.
3. Стоицизм мен скептицизм.
4. Лукреций мен Цицерон.

Түйін сөздер

Аристотелизм және платонизм, эпикурлықтар, стоиктер, скептицизм.

323 жылы Ұлы Ескендір қайтыс болғаннан кейін, демократиялық Афинада тіпті анти-империалистік көзқарастағы македониялыққа да өмір сүру қолайсыз бола бастады. «Философияға қарсы екі мәрте күнә жасауға жол бермеймін» деп, Аристотель Афина мекенін тастап кетеді. Сіздер қалай ойлайсыздар, ол нені меңзеді? Әрине, Афинада орын алған Сократтың өлімін. Аристотель Халкидаға қашып, сол жерде келесі жылы қайтыс болады. Ол кітапханасын өзінің ізбасары Теофрастқа қалдырып, оны Ликейдің жетекшісі етіп, тағайындап кетті. Аристотельдің шығармалары көлемі мен мазмұны бойынша ауқымды болды. Бүгінгі күнге дейін бізге тек бір миллиондай сөз ғана жеткен және біз оның еңбектерінің тек бестен бір бөлігіне ғана қол жеткізгенбіз деп білеміз. Өзіміз аңғарғандай логика, метафизика, этика, эстетика және саясатта, философиялық трактаттарына қоса, заң, театр және спорт салаларында – тарихи шығармалары және ботаникада, зоологияда, биологияда, психологияда, химияда, метеорологияда, астрономияда және космологияда – ғылыми жұмыстар қалдырған.

Қайта Өрлеу дәуірінен бастап Академия мен Ликей философиясын бір-біріне қарама-қарсы бағыт ретінде қарастыру дәстүрге айналған. Сол дәстүрге байланысты Платон идеалист, басқаша айтқанда, утопист болып көрінеді. Ал Аристотель болса – реалист, құнтты, анық ой иесі. Осылайша, Рафаэльдің «Афина мектебінде» Платон аспанды білдіретін ауа мен от элементтерінің жеңіл түстеріне сай киінсе, Аристотель су түстес көгілдір және жасыл түстерді киіп, аяғымен жерді нық басып тұр.

«Әр адам не аристотельші, не платоншы болып туады, – деп жазды XVIII–XIX ғасырлар тоғысуында өмір сүрген ағылшын ақын-романтигі және философы С.Т. Колридж. Бұл – адамдардың екі түрі, оның сыртында үшінші түрі пайда болуының өзі мүмкін емес». XX ғасырдың философы Гилберт Райл Колридждың ойын одан әрі жетілдірді. «Адамдар төрт дихотомияның негізінде екіге бөліне алады: көкке жасыл қарсы, тәттіге ащы қарсы, мысыққа ит қарсы, Платонға Аристотель қарсы. Маған осы жұптардың ішінен өзіңізге жақын біреуін атасаңыз, ал қалған үшеуінде өзіңізді нені қалайтыныңызды айтайын» дейді Райл.

Шынында да, Платон мен Аристотельді бір-бірінен ажыратқаннан гөрі жақындастыратын доктриналар әлдеқайда маңыздырақ екенін біз бұрын да байқағанбыз және әлі де көреміз. Антика заманының екі ұлы философының арасында үйлесімді байланыс орнатуды өздерінің парызы санаған кейінгі ежелгі дәуір жылнамашыларына қарағанда, постренессанс тарихшыларының ынта танытуы кемшін түсіп жатқан секілді. Кейде философ оның берген жауабының нақтылығына емес, қойған сұрақтарының маңыздылығына қарап бағаланады деген ой айтылады. Егер солай болса, онда Платон – философ ретінде еш талассыз ең жоғарғы бағаға лайық. Ол ең алғашқы болып терең мағыналы сұрақтарды қойған. Бұл сұрақтардың көпшілігі бүгінге дейін жауабын таппаған күйінде қалып келеді. Алайда Аристотель де – әлемдік зияткерлік мұраға қосқан елеулі үлесімен осындай атқа лайық. Өйткені, ол Ренессанстан бері қабылданған және қазіргі түсінігіміздегі Ғылым тұжырымдамасын енгізді. Аристотель – табиғат құбылыстарының қыр-сырына үңіліп бақылағаны сақталған еңбектерінен көрінетін ең алғашқы тұлға. Екіншіден, ол – ғылыми әдістегі бақылау мен теория арасындағы байланысты дұрыс түсінген алғашқы философ. Үшіншіден, түрлі ғылыми ілімдерге анықтама беріп, оларды жүйелеп, олардың бір-біріне деген қатынасын зерттеді. Төртіншіден, ол – өз дәрісін жүйелі курсқа айналдырған және олардың бағдарламадан лайықты орын алуын қамтамасыз еткен ең алғашқы профессор. Бесіншіден, оның Ликейі ең алғашқы зерттеу институты болды. Одан



көптеген ғалымдар мен зерттеушілер зерттеу мен құжаттарды қатар жүргізуге қатысты толыққанды білім алды. Алтыншыдан, ол зерттеу кітапханасын құрған тарихтағы ең алғашқы тұлға болды. Жәй ғана өзінің аздаған кітабынан құралған кітап сөрелері емес. Кәдімгідей оның әріптестері де, кейінгі ұрпақтарына дейін пайдалана алатындай жүйелі жинақтары болған. Бұл жайттың маңыздылығы жоғарыда санамалаған дүниелерден бір мысқал да кем түспейді. Энтони Кенни біздің заманның әр зерттеуші ғалымы Аристотельге қарыздар болған себептер, міне, осы, – дейді. Дантенің айтқанындай Аристотельдің – білімділердің ұстазы деген атаққа лайық екені сөзсіз.

Аристотельдің кемеңгер мұрагері, Ликейдің жетекшісі Теофраст (372–287) – өз ұстазының жан-жақты зерттеулерін бірнеше тәсілдер арқылы жалғастырды. Ол Аристотель үстіртін ғана қарастырған ботаника пәні жайында тыңғылықты зерттеулер жүргізді. Аристотельдің модальды логикасын дамытып, кейінгі стоицизмнің кейбір жаңашыл ойларын алдын ала болжады. Теофраст Аристотель космологиясының кейбір негізгі принциптерімен, соның ішінде өзі қозғалмайтын қозғаушы күштің қажеттілігімен және оның табиғаты туралы ұстанымымен келіспеді. Өзінің ұстазы секілді ол да өндіріп жазды және Диоген Лаэртский оның өмірі туралы сипаттағандағыдан да көбірек, нақты айтсақ, жұмысының атауларының тізімінің өзі он алты беттен тұратынын жазды. Теофраст философияның өте ыждағатты тарихшысы болған. Оның сақталып қалған доксографиясының жартысы бізге жеткен – «Сезімдер туралы» шығармасы, Сократқа дейінгі сезімталдық теориясының негізгі көзі болып саналады.

Теофрастың шәкірті Фалерондық Деметрий – Ескендірдің әскербасыларының бірі Птоломейдің кеңесшісі болған, ол 305 жылы өзін Мысыр патшасы етіп тағайындады. Жаңа қала Александрияда Аристотель үлгісіндегі кітапхананы жасақтауды сол ұсынған болуы мүмкін. Ал ол жоспарды Птоломейдің баласы II Птоломей қолдап, іске асырған. Аристотель кітапханасының тарихы белгісіз. Теофрастың өлімінен кейін кітапханаға ие болған Ликейдің келесі жетекшісі физик Страто емес, Теофрастың жиені скептик Нелей болды. Ол Аристотельдің соңғы шәкірттерінің бірі еді. Нелейдің мұрагерлері кітаптарды Александриямен бәсекелесіп, Пергамонда кітапхана салып жатқан Евмений патшаның тыңшыларынан қорғау үшін үңгірге жасырған дейді. Аристотель кітаптары белгісіз кітапқұмар жанның көмегімен сақталып, Афинаға жеткізілген екен. Бұл кітаптардың тағдыры б.д.д. 86 жылы қаланы жаулап алған Рим генералы Сулланың қолына көшеді де кемемен Римге аттандырылады, сол жерде ақырында Родостық Андроник өңдеп, шамамен б.д.д. I ғасырдың ортасында жарыққа шығарылған. Бұл оқиғаның әр бөлігі ғалымдардың бірі болмаса, екіншісінің күмәнін тудырады. Бірақ егер ол рас болса, онда ол Аристотельдің жазбалары Теофраст пен Цицерон арасындағы уақытта құрдымға кеткенін түсіндіреді. Егер Аристотель б.д.д. 272 жылы, қайтыс болғанының елу жылдығына қайта орала алса, ол өзінің өмір бойына ұстаздық етіп, зерттеу жүргізген зияткерлік ортасын әрең танитын еді деген сөз жәйдан жәй айтылмаған. Ол кездерде Афинада философия ұйқыға кетті деп ешкім айта алмайды. Дегенмен Стратоның жетекшілігіндегі Ликей өзінің көлеңкесінде ғана болып қалды. Ал Аркесилайдың жетекшілігінде болған платондық Академия біржақты скептицизмге бой ұрып, метафизикадан бас тартты. Алайда қалада басқа екі мектеп жанданып келе жатты. Афинадағы атақты философтар Академия және Ликейдің де мүшесі болмады. Осы екі мектептің негізін салушылар – Китийден шыққан Эпикур мен Зенон болды. Эпикур мектебі Бақ деп, ал Зенонның ізбасарлары стоиктер деп аталды. Өйткені ол өрнектелген Стояда – көне Афинаның ең атақты құрылысында дәрістер оқыды.

Эпикур Самостағы афиналық экспатрианттар отбасында дүниеге келді. Ол Аристотель өмірінің соңғы жылдарында Афинаға аз мерзімге сапар шекті. Алдында ол Демокриттің ізбасарларының қол астында оқып, грек аралдарында бірнеше мектептердің негізін қалады. 306 жылы ол Афинада үй салып, 271 жылы өмірден озғанша сонда мекендеді. Оның «Бақтағы» ізбасарларының қатарында әйелдер мен құлдар да болды. Олар оңаша өмір сүріп, кедей дастарқанның тамағын қанағат тұтты. Эпикур 300 кітап жазды деген деректер бар. Бірақ бізге жеткені – үш хат пен өсиеттердің екі топтамасы. Оның табиғат философиясы Геродот пен Пифоклға жазған хаттарында сипатталған. Менекейге арналған үшінші хатында ол өзінің адамгершілік ілімін түйіндейді. *Kyriai doxai* немесе Негізгі доктриналар деп аталатын қырық шақты бөліктен тұратын өсиеттерінің бірінші жинағы, үш хаты секілді Лаэрттік Диогеннің айтуынша, Эпикурдың көзі тірісінде сақталған үш хатымен үндес. Сексен бір афоризмнан



тұратын екінші топтама 1888 жылы Ватикан қолжазбаларынан табылған. Эпикурдың «Табиғат туралы» атты жоғалған трактаттарының бөліктері 79 жылы Везувий жанартауы атқылағанда Геркуланумда күлдің астында қалған. Біз оның ілімдері туралы көбірек білу үшін ізбасарларының сақталған жазбаларына, оның ішінде, ең кейінгі жылнамашысы – латын ақыны Лукрецийге жүгінуге мәжбүрміз.

Эпикур философиясының мақсаты – тыныштық үшін ең үлкен кедергі болатын өлім алдындағы қорқынышты жою арқылы бақытты болу мүмкіндігіне жету. Эпикур дін ұсынатын өлімнен кейінгі өмірді жоққа шығарады. Ол мұны қиял деп атап, одан әлемнің ғылыми түсінігінің пайдасына қарай ауысуымыз керек дейді. Бұл ғылыми таным, негізінен, Демокриттің атомизмінен бастау алған. Ештеңе ештеңеден басталмайды: ғаламның негізгі бірліктері – мәңгі, өзгермейтін, бөлінбейтін бірліктер немесе атомдар. Олардың саны шексіз, бос және шексіз кеңістікте қозғалады: егер бос кеңістік болмаса, онда қозғалыс мүмкін болмас еді. Бұл қозғалыс басталған жоқ және ең басында барлық атомдар үнемі, тең жылдамдықпен төмен қозғалды. Алайда кей-кейде олар ауып кетіп, соқтығысады, атомдардың соқтығысуынан аспан мен жердегінің бәрі жаралады. Атомдардың қозғалысы мақсатсыз әрі бағытсыз болса да, олардың ауытқуы адам бостандығының аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Атомдардың түрі, салмағы және өлшемінен басқа ешқандай қасиеттері жоқ. Көрінетін денелердің қасиеттері қиял емес. Олар атомдардың негізгі қасиеттерінен пайда болады. Әлемнің саны шексіз. Кейбірі біздікіне ұқсас. Ал кейбірі біздікіне ұқсамайды.

Басқа нәрселер сияқты жан да атомдардан тұрады, басқа атомдардан тек ұсақтығымен және нәзіктігімен ерекшеленеді. Олар өлімнен кейін шашылады, содан соң жан қабылдауды тоқтатады. Құдайлар да атомдардан құралған. Алайда олар адам өміріне қатысты алаңдаушылық тудырмай, бақытты ғұмыр кешуде. Сондықтан құдіретке табыну деген – құр наным, діни дәстүрлер – уақытты бекерге өткізу.

Эпикур үшін рақаттану – бұл бақытты өмірдің басы мен аяғы. Әйтсе де бұл Эпикурдың өзі эпикурлық болды дегенді білдірмейді. Оның өмірі де, ізбасарларының өмірі де сән-салтанаттан аулақ еді. Ол бір кесек ірімшіктің өзі той сияқты деп айтатын. Эпикур философ үшін рақаттанудың салмағы кез келген жағдайда азаптан басым деген ойды өмірінің соңына дейін қорғады. Эпикур өзінің тұжырымына лайық өмір сүрді. Біз өлімнен қашып құтыла алмасақ та, егер біз философиялық тұрғыдан шындап қарасақ, өлім – мүлде қасірет емес дейді ойшыл.

Стоиктер эпикурлықтар сияқты тыныштықты көздеді. Алайда олар басқа жолды таңдады. Стоицизмнің негізін салушы Китийлік Зенон (б.д.д. 334–262 жж.) болды. Ол Кипрде дүниеге келді, алайда 313 жылы Афинаға қоныс аударды. Ксенофонттың Сократ туралы мемуарларын оқуы, оның философияға қызығушылығын оятты. Ол киниктер мектебіндегі Кратетті Сократтың қазіргі жақын баламасы деп таныды. Кинизм (ежелгі философиядағы ағым, қазір «цинизм» деп те айтылады) философиялық доктринаның жүйесі болған жоқ, бірақ ол молшылықты жек көріп, дәстүрлі әдептілік ережелерін елемейтін айналадағы өмірге деген қатынастың бір түрі болған. Оның негізін қалаушы – Платонның замандасы Синоптық Диоген еді, ол ит сияқты (сүпіс «ит сияқты» дегенді білдіреді) иттің үйшігіне ұқсас бөшкеде өмір сүріп, жұпыны киім киіп, қайыр-садақаға күн көрді. Диоген өзін аса құрметтей бермейтін Ұлы Ескендірдің бетін қайтарып тастаған жауабымен аты шықты. Атақты патша оның алдына келіп: «Мен сен үшін не істей аламын?» – деп сұрағанда, күннің көзіне жылынып отырған Диоген: «Күнді көлегейлемей әрі тұрсаң болды», – депті. Диогенге тәнті болған Кратет өзінің байлығын кедейлерге таратып беріп, оның еркін өміріне еліктеді. Алайда ол сияқты кісіге жұғымсыз, томаға-тұйық болған жоқ және поэтикалық сатирада ащы мысқылын көрсете білген әзіл оспақты адам болды.

Зенон біраз уақыт Кратеттің шәкірті болды, алайда циник болған жоқ және қоғамнан жеріп, саяқ та кетпеді, әйтсе де ресми кейіптен қашып, қарапайым жүргенді және күн астында жатқанды ұнатты. Академияда біраз жыл шәкірт болған соң, ол Стояда өзінің жеке мектебін ашты. Зенон философияның жүйелі оқу бағдарламасын жасап, оны үш негізгі пәнге бөлді, яғни логика, этика және физиканы енгізді. Оның ізбасарлары логиканы философияның сүйегі, этиканың тәні және физиканың жаны дейді. Зенонның жазбалары бізге дейін жеткен жоқ. Оның ең танымал туындысы платондық утопизм мен цинизмнің кейбір бастамасымен ұштастырған «Мемлекет» еді. Зенон қайтыс болғаннан кейін Стояның басшылығын Клеанф өз қолына алды. Ол Зевсті мадақтап жыр жазды. Кейін оны Әулие Павел Афинадағы өз уағыздарында



мысал етті. Бұл стоиктік белсенді принципті иудей-христиандық монотеизмге көбірек лайық түсініктерге дейін көтерді.

Клеанфтың орнына мектеп басшысы қызметіне Солилік Хрисипп келді. Ол эллиндік стоиктердің ішіндегі ең ақылдысы және ең еңбекқор еді. Хрисипп шығармаларының көптігі таңғаларлық. Ол жоспарлы түрде күніне 500 жол жазады екен. Сондықтан да болар, артына 705 кітап жазып қалдырған. Олардың үзінділері болмаса, ешқайсысы да толық сақталмады. Стоицизмді жүйеге келтірген тұлға осы Хрисипп болды. Көне философтардың айтуынша, Хрисипп болмаса, Стоя да болмаушы еді. Энтони Кенни стоиктердің логикасына өзінің кітабының келесі тарауында толықтай тоқталады.

Б.з.д. III ғасырдың екінші жартысында стоиктік доктрина Академия тарапынан соққыға ұшырады. Платонның Академиядағы мұрагерлері Платонның ұстазы Сократтың сұрақ қою тәсілімен қанаттанып, скептицизмге қарай бұрылды. Б.д.д. 273 жылдан 242 жылға дейін академияның жетекшісі скептицизм философиясының негізін салушы деп жиі есептейтін Пирронның шәкірті Аркесилай болды. Эпикурдың жасы үлкен замандасы Пиррон ештеңені де танып-білу мүмкін емес деп есептеп, сол ұстанымына сәйкес, кітап жазудан мүлде бас тартқан. Аркесилай мен Пирронның тағы басқа шәкірті Тимонның скептицизмі 155–137 жылдар аралығында Академияны басқарған Карнеад дәрістерінде аса күрделі түрде түрлендірілген болатын. Олар бізге, ең алдымен Цицеронның арқасында жеткен.

Аркесилай стоиктерді сынады. Өйткені олар ақиқатты жалғандыққа бейім емес ақыл-ой әсерлерінің арасынан іздеп табуға болады деді. Аркесилай болса ол жерде ондай әсерлер жоқ деп тұжырымдады. Карнеад сонымен қатар стоиктердің эпистемологиясына да шүйлікті. Ол «қол жеткізбейтін ақиқат емес, жету мүмкін деген ақиқат өмірге басшылық етеді» деп үйретті. Өзі атеист болмаса да, дәстүрлі пантеонды да, стоиктердің пантеизмін де аяусыз келемеждеді. Оның стоиктердің болжау туралы теориясына қарсы дәйектерін Цицерон қабыл алып, дамытты.

Б.з.д. екінші жүзжылдықтың философтарының ешбірі тура Карнеад секілді ақылды немесе сенімді болған жоқ, бірақ бірінші ғасырда философиядағы біріншілік гректерден латын авторларына ауыса бастады. Латын философиясы да грек философиясы сияқты өлеңдерден басталып, кейінірек прозаға ауысты. Бізге жеткен латын тіліндегі алғашқы толық философиялық еңбек – Лукрецийдің «Заттардың табиғаты туралы» атты керемет поэмасы.

Лукрецийдің өмірі жайлы мәлімет жоқ. Лукреций Эпикурдың адал табынушысы болды. Алты кітабын Эпикурдың жүйесін сипаттап, өлең түрінде берді және оларда Цицерон байқағандай керемет шеберлік білінеді, кейде тіпті кемеңгерліктің ұшқыны жарқ етеді. Лукреций өзінің ақындық машығын философияның кермек дәмін жасыратын бал іспеттес деп сипаттаған. Лукреций алғашқы кітабында эпикурлық атомизмді мазмұндайды. Лукреций екінші кітабындағы атақты үзіндісінде адамдардың болмашы айқасына рақымшылықтың шыңынан төмен қарап тұрған философты суреттейді. Ол эпикурлықтардың қарапайым рақатқа ұмтылысын және қажетсіз құмарлықтардан ары жүруді насихаттауын жоғары бағалайды. Үшінші кітабында эпикурлық жан теориясы және қабылдау механизмдері суреттеледі. Біз жанның материалдық табиғатын түсінген бетте, өлімнен қорқудың балалық екенін түсінеміз. Өйткені, біз барда өлім жоқ, ал өлім келгенде енді біз жоқпыз. Лукрецийдің махаббат табиғаты туралы төртінші кітабы – жыныстық әрекеттің шынайы сипатталуына, сонымен қатар, физиологияның негізінде жатқан атомистік түсініктерге толы. Осы кітаптың мазмұны туралы Лукреций бұл поэманы афродизиақтың буына масайып, есі кіресілі-шығасылы болып, арасында есін жиған кездерде жазған деген аңыздың таралып кетуіне әулие Иероним баяндауы, Теннисонның сахнаға шығаруы түрткі болды.

Әулие Иероним поэма аяқталмаған, ақын өлгеннен кейін Цицерон қайта өңдеген дейді. Бұл ой күмән туғызады, өйткені Цицерон өлеңді алғаш оқығанда таңғалған, алайда ол эпикурлық жүйеге айрықша мән берсе де, бұл туралы жеке философиялық жазбаларында ешқашан айтпаған.

Цицеронның философиясы эклектикалық болды, бұл – тарихшы үшін өте ыңғайлы. Өйткені оның жазбалары әрқилы философиялық үрдістер туралы ақпарат береді. Ол түрлі философиялық мектептермен ең алғаш Афинада оқып жүрген кезінде, отызға таяған жасында танысты. Көп уақыт бойы Цицеронның саясаттағы және сот жүйесіндегі шиеленіске толы өмірі



саяси философиядан басқа ойға берілуге уақыт қалдырмайды. Елуден асқан шағында ол, Платонға еліктеп «Мемлекет» және «Заңдар» деген еңбектерін жазды. Олардың тек үзік-үзік бөлімдері ғана сақталған. Азаматтық соғыстан кейін билік басына Юлий Цезарь келгенде, ол қоғамдық өмірден алыстады. Цицерон Цезарьдің диктаторлығын әдеби шығармаларында көп жазды. Цицеронның сақталған еңбектері өзінің ауқымы мен шеберлігі тұрғысынан әсерлі.

Цицерон алдына латын тіліндегі философиялық сөздік жасауды мақсат етіп қойды. Ол римдіктердің философияны өз тілінде зерттегенін қалады. Шынында да, қазіргі философиялық терминдердің көпшілігі оның латын неологизмдерінен туындайды. Цицеронның айтуы бойынша, ол элементтерді әртүрлі философиялық үрдістерден алған. Эпистемологияда ол ұстамды скептикалық пікірге сүйенді. Этикада ол эпикурлықтардан гөрі стоиктерге көбірек жақын. Оның құдайлар табиғаты мен тағдыр жайлы еңбектері философиялық құдай ілімі мен детерминизмнің тартысы жайында қызық пікірталасқа толы. Ал оның «Сәуегейлік туралы» шығармасында Карнеадтан үйренген айғақтарды ұтымды пайдаланғанын көрсетеді.

Цицерон философияны асқан тереңдікпен жазбаған. Әйтсе де оның дәлелдері көбіне өткір. Стили үнемі сыпайы. Ойы оңай ұғынылады. Оның достық және қарттық туралы эсселері ғасырдан ғасырға жетіп, танымал болды. Оның өнеге философиясы туралы соңғы жұмысы – «Жағдайлар туралы» («Міндеттер туралы»), Юлий Цезарь өлтірілгеннен кейін көп ұзамай өзінің ұлына арнап жазылған тарихтың түрлі кезеңдерінде бекзат адам тәрбиелеуде қажетті құрал ретінде қарастырылды.

Біз Аристотель мен Платонның мұраларын, сонымен қатар, эпикурлықтар, стоиктер мен скептиктердің философиялық ілімдерін қарастырдық. Сондай-ақ, біз Лукреций мен Цицерон философияларының кейбір тұстарына тоқталдық. Келесі дәрісте біз Энтони Кенни кітабының екінші тарауындағы соңғы параграфтарына назар аударамыз, ол тараулар иудаизм мен христиан дініне, ерте христиан философиясына, сонымен бірге Плотин мен Аугустинге арналған.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Академия мен Ликей не себепті философияның кереғар екі жағы деп қарастырылды?
2. Қалай ойлайсыздар, неге ағылшын философы С.Т. Колридж барлық адамдар аристотельшілдер мен платоншылдарға бөлінеді деп есептеді?
3. Не себепті Платон философ ретінде еш талассыз ең жоғары бағаға лайық?
4. Аристотель әлемнің зияткерлік мұрасына ауқымды үлес қосты деп айтуға қандай себептер бар?
5. Академия мен Ликейдің орнына қандай философиялық мектептер келді?
6. Эпикуршылдық, стоицизм және скептицизмнің негізгі идеялары қандай және олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді?
7. Лукреций мен Цицерон ілімдерінің ерекшеліктері неде?

Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 2-том: Антикалық философия / құраст.: Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 3-том: Аристотель философиясы / құраст.: Қ.Ә. Әбішев. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
5. Хесс Р., Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 360 б.
6. Adler M., *Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy.* Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 1-том. Антика философиясы
Дәріс: 10. Аристотель мен Платонның мұрасы

7. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Ауд. М. Л. Гаспарова. Жалпы ред. А. Ф. Лосева. («Философское наследие» топтамасы). – М., Мысль, 1979. – 624 б.

8. Чанышев А. Н., Курс лекций по древней философии. – М., 1981.